



**KAZAKHMYS PLC**

6<sup>TH</sup> FLOOR  
CARDINAL PLACE  
100 VICTORIA STREET  
LONDON SW1E 5JL  
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

Company registered in England and Wales  
Company Number: 5180783

2012 жылғы 11 мамыр

## **Қазақмыс жалпы акционерлердің жылдық жиналысын өткізді**

Бүгін Қазақмыс Тобы 2011 жыл ішіндегі қызметін қорытындылай отырып, жалпы акционерлердің жылдық жиналысын өткізді.

Өткен жылы Топтың барлық бөлімшелері жағымды өндірістік және қаржылық нәтижелерге қол жеткізді. 2011 жылдың тамыз айында Директорлар кеңесі қазіргі уақытта жұмыстар белсенді түрде жүргізіп жатқан Бозшакөл кен орнының игерілуін мақұлдады. 2011 жылдың желтоқсан айында Қазақмыс Қытайдың Мемлекеттік даму банкімен (ҚМДБ) Шығыс Қазақстандағы Ақтоғай кен орнын игеруге мөлшері 1,5 млрд АҚШ долларын құрайтын несиелік бағдар ұсыну жөніндегі келісімге қол қойды. Компания энергетикалық активтердің қуаттылықтарын арттыруға капитал салуды қамтитын жалпы сомасы 6 млрд АҚШ долларын құрайтын Қазақстандағы ең ірі инвестициялық бағдарламаны жүзеге асырып отыр. Бұл инвестициялар алдағы 6 жылдың ішінде мыс өндірудің ауқымын 300 мың тоннадан 500 мың тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

2012 жылы компания мыс өндірісінің 295 мың тонна деңгейіндегі ауқымда сақталуын болжамдайды және де компаниядағы барлық кәсіпорындардың қалыпты қызметтерін қамтамасыз етіп, Топтың әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттігін сақтап отыру үшін жұмыс әдістерін кемелдендіре түсуді және шығындарды басқаруды жалғастыра бермек.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және еңбекті қорғау бұрынғысынша Директорлар кеңесі үшін де, әрі Топ басшылығы үшін де артықшылықты мәселе болып отыр. Компания осы салаға елеулі қаражат бөлуде, әрі қайғылы уақиғаға душар ететін уақиғаларды нөлдік деңгейге жеткізуді мақсат тұтып отыр.

2012 жылдың басында Топ түгелдей мыс өнімдеріне тұрақты бағамдар бойынша кепілдендірілген сатып алуларға ұзақ мерзімді келісімшарттар жасасты, ол осындай металлға деген жоғары сұраныс пен асқан тартымдылықтың бар екендігін дәлелдеп отыр.

Өткізілген жиналыста, 2005 жылдың қазан айынан бастап, яғни Лондон Қор биржасында компания алғаш рет листинг өткен сәттен бастап, Қазақмыс Тобының Директорлар кеңесінің төрағасы болып қызмет етіп келе жатқан Владимир Ким, өкілеттіктерін Директорлар кеңесінің тәуелсіз төрағасына табыс ететіндігі жайлы өзінің шешімін жария еткен болатын. Директорлар кеңесі жаңа кандидатураны іріктеу процесін дереу бастап, келесі жалпы акционерлердің жылдық жиналысына дейін өкілеттіктерді табыс ету процесін аяқтауды жоспарлап отыр.

«Шамамен 20 жыл бойы менің кәсіптік қызметім Қазақмыспен тығыз байланыста келеді. Осы жылдар ішінде көп істер атқарылды – компания Лондонның, Қазақстанның және Гонконгтің қор биржаларында листингтен өтті, өте ірі деген өркендеу жобаларын іске асыруын бастады. Бұл Директорлар кеңесінде жаңадан тәуелсіз төрағаның келуіне жақсы кезең. Өкілеттіктерімді табыс еткен соң, мен бұрынғысынша Директорлар кеңесінің құрамында атқарушы емес директор ретінде Топтың қызметінде белсенді қатысып жүремін және де компаниядағы өзімнің акциялар пакетімді қысқартуға ниетті емеспін», - деп мәлімдеді Владимир Ким.

### Қосымша ақпарат алу үшін мына телефондар арқылы хабарласыңыз:

#### Қазақмыс

Джон Смэлт	Корпоративтік байланыстар бөлімінің басшысы	Тел: +44 20 7901 7882 Тел: +44 78 7964 2675
Ирина Третьякова	Қаржы талдаушысы	Тел: +44 20 7901 7814
Мақсұт Жапабаев	Алматыдағы Корпоративтік байланыстар бөлімінің басшысы	Тел: +7 727 3304 556

#### Мерлин

Дэвид Саймонсон	Тел: +44 20 7726 8400
Мария Бабкина	Тел: +44 20 7726 8400

---

## РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақмыс мыс, алтын, мырыш, күміс, электр энергиясын өндіруде елеулі активтері бар, табиғи ресурстарды өндіру және өңдеу жөніндегі жетекші халықаралық компания болып табылады.

Қазақмыс Қазақстандағы ең ірі мыс өндіруші әрі 17 кенішке, 10 тау-кен фабрикаларына және екі мыс балқытушы өндірістік кешенге ие болып отырған әлемдегі алда келе жатқан мыс өндіруші болып табылады. Тау-кен өндірісі руда өндіруден бастап мыс катанкасын және катодты мыс түріндегі дайын өнім шығаруға дейін толықтай интеграцияланған. 2011 жылы меншікті рудадан 299 мың тонна катодты теңгерімдегі мыс өндіріліп шығарылды. Бұл өндіріс электр энергиясының ішкі жеткізілімдерімен және ауқымды теміржол инфрақұрылымымен сүйемелденіп тұрады.

«Kazakhmys Mining» бөлімшесі басқа да металлдардың ауқымды көлемін, соның ішінде мырыш, күміс және алтын өндіріп отыр. 2011 жылы Қазақмыс 140 мың тонна мырыш концентратын өндіріп шығарды. Топ әлемде ең ірі деген он күміс өндірушінің бірі боп табылады. (2011 жылы 13 млн. унция күміс өндірді).

«Kazakhmys Power» ағымды өндірістік қуаттылығы 2500 МВт болып отырған, 4000 МВт құрайтын жобалық қуаттылығына жеткізу үшін модернизациялау бағдарламасын жүзеге асырып отырған Қазақстандағы ең ірі деген Екібастұз ГРЭС-1 көмір электр станциясының 50 пайыздық қатысу үлесіне ие. «Kazakhmys Power» бөлімшесінде «Kazakhmys Mining» бөлімшесін электр энергиясымен қамтамасыз етіп отыратын электр станциялары мен қосалқы көмір кеніштері бар.

Қазақмыс Тобы Лондон қор биржасында және Гонконг қор биржасында айналымға қабілетті FTSE-100 компаниялар тізіміне кіреді; сондай-ақ Қазақстан қор биржасында (KASE) да саудаланып келеді. 2011 жылы EBITDA (ерекше баптарды қоспағанда) көрсеткіші 2,925 млн.

АҚШ долларды құрағанда,Топ өнімдерінің өткізілу көлемі 3,563 млн. АҚШ доллары болған. Топта шамамен 60 000 адам жұмыс істейді, яғни басым көпшілігі қазақстандық азаматтар. Қазақмыстың стратегиялық мақсаты – өндірістік активтерді оңтайландыру, өндірісті ұлғайту жөніндегі жобаларды іске асыру және де Орталық Азиядағы ауқымды табиғи ресурстарды игеру мүмкіншіліктерін кеңейтуге қатысу.